

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
Филология факультеті
Қазақ әдебиеті және әдебиет теориясы кафедрасы

«Қазақстандағы әдеби сын дамуының негізгі тенденциялары»
пәні бойынша
ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ
Пәннің коды: OTRLKK 5208
Пәннің ID: 76272

«7M02309 – Әдебиеттану» білім беру бағдарламасы
Оқыту деңгейі: магистратура

Курс – 1
Семестр – 2
Кредит саны – 5

1. ПӘННІҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ

Пәннің мақсаты – қазіргі Қазақстандағы әдеби сын ойдың даму тенденцияларын анықтау және сипаттау қабілетін қалыптастыру. Оқу курсы әдеби дәстүрлер сабақтастығы мен жазушылардың жанашылдық сипатын түсінудің теориялық-әдістемелік негізін қалыптастырады. Пән Қазақстандағы әдеби процестің дамуының тарихи аспектілері мен тенденцияларын, әдебиеттану жанрлары мен тұлғаларын зерттеуге бағытталған.

Пәнді оқытудан күтілетін нәтижелер:

1. Мамандықтың базалық білім контексіне жаңа білім енгізу, оның мазмұнын түсіндіреді; оқу жағдайын талдау, оны шешу бағытын біледі.

2. Жеке немесе топтық оқу-зерттеу қызметі саласындағы (нақты) зерттеулерге тән әдістерді (зерттеулер, есептеу, талдау т.б.) үйренеді және қолданады.

3. Пән контексінде, midterm exam, оқу модулінде (нақты) алынған нәтижені бағалау және түсіндіру, жинақтайды; курстың ғылыми мәселелерін шешу динамикасын талдайды (нақты мәселені зерттеудегі ғылыми шолулар); курсты зерттеу нәтижелеріне талдау жасау, оларды ғылыми эссе, презентация, пікір, ғылыми шолу т.б. түрінде жинақтайды. 3. Бүгінгі әдеби процестегі сынның рөлін, болып жатқан көркемдік құбылыстарды тани біледі.

4. Топта сындарлы оқуға, әлеуметтік өзара әрекеттестікке және ынтымақтастыққа; мәселені қарастыруды ұсынады, оның маңыздылығын дәлелдеу; топта жұмыс істеуді иегереді.

5. Жеке оқу траекториясын жүзеге асыруда тыңдалған курстың рөлін сезінеді. Құзыреттілікті қалыптастыру барысында дескрипторлы етістіктер жүйесін міндетті түрде дайындайды.

Пән бойынша оқытылатын негізгі тақырыптар

1-модуль. Әдеби сынның тарихы

1. Қазақ әдеби сыны туралы жалпы түсінік. Қазақ әдеби сынының кезеңдері.

2. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақ баспасөзінің дамуы. Әдебиет тарихы, әдебиет және публицистика арасындағы әдеби сынның феномені.

3. Қазақ әдеби сынының зерттелу тарихы. Әлемдік әдеби сын тарихы.

4. XX ғасыр басындағы қазақ әдеби сынының қалыптасу кезеңі.

5. Кеңестік дәуірде әдеби сынның дамуы. Тұрпайы әлеуметтік сындар.

2-модуль. Қазақ әдеби сынының теориясы

1. Әдеби мұраларды зерттеу, тану, игеру мәселелері. Сындағы саяси көзқарастар.

2. 1940-60 жылдардағы қазақ әдебиеті тарихындағы сынның даму тенденциясы.

3. 1960-1970 жылдардағы әдебиет және сын. Әдеби сынға қамқорлық.

4. Әдеби сын жанрларының дамуы. Сын жанрларының түрлері.

5. 1970-1980 жылдардағы әдебиет және сын.

3-модуль. Қазақ әдеби сынының методологиясы

1. 1980-1990 жылдардағы әдебиет және сын.

2. Тәуелсіздік жылдарындағы (1990-2000 жж.) сын мен зерттеулер.

3. Тәуелсіздік тұсындағы әдеби сынның даму тенденциялары.

4. XXI ғасырдағы қазақ әдеби сынының дамуы.

5. Әдебиетті дамытудағы интернеттің рөлі.

Ұсынылатын дереккөздердің тізімі

Негізгі әдебиеттер

1. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. – Астана: Фолиант, 2014.

2. Ыскақұлы Д. Сын өнері. – Алматы: Қазақпарат, 2012.

3. Жүсіпова А. Әдеби сын тарихы. – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2008.

Қосымша әдебиеттер

4. Жұмалиев Қ., Қабдолов З., Ахметов З. Әдебиет теориясы (1960-1970). – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – Т.15. – 412 б.

5. Әбдиманұлы Ө. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: оқу құралы. – Алматы, 2017. – 234 б.

6. Асқарова А.Ш. Әдеби сын (тарих, теория, әдістеме). – Алматы: ҚазҰУ баспасы, 2019.

7. Қазақ әдебиетінің тарихы. 10 томдық. – Алматы, 2015.

8. Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы, 2013.

Интернет-ресурстар

1. Қазақстанның ашық кітапханасы <http://www.ikitap.kz/>

2. Әдебиет порталы <http://adebiportal.kz/kz://www.fcior.edu.ru/>.

3. <http://elibrary.kaznu.kz/ru>

4. MOOC/видеодәрістер және т.б.

2. ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУЛАР: СТАНДАРТТЫ/ЖАЗБАША/OFFLINE

2.1. Емтихан формасы: стандартты жазбаша (оффлайн). **Платформа:** Univer АЖ

2.2. Жазбаша емтиханның мақсаты: пәнді оқу кезінде меңгерілген оқу нәтижелерін, дағдылар мен құзыреттіліктерді көрсету, өз ойларын жазбаша түрде нақты жеткізе білу, өз көзқарасын дәйекті түрде дәлелдеу.

2.3. Тапсырманы орындаудан күтілетін нәтижелер:

Жазбаша емтиханның бір билетінде оқытылған курс бойынша оқытуу нәтижелерін анықтайтын және төменде сипатталған критерийлер бойынша бағаланатын 3 сұрақтан тұрады:

1-сұрақ: 1-критерий. Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу; сипаттау мен түсіндірудің қысындылығы.

2-критерий. Курстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіндіруі және растауы.

2-сұрақ: 3-критерий. Таңдалған әдістеме мен технологияны практикалық тапсырмаларда қолдануы.

4-критерий. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені шешуі және мәнін ашу қабілеті.

3-сұрақ: 5-критерий. Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау жасау қабілеті.

6-критерий. Алынған нәтижені өз тәжірибесімен негіздеуі.

2.4. Емтихан өткізу рәсімі.

2.4.1. Стандартты жазбаша offline емтихан бекітілген кестеге сәйкес өткізіледі.

2.4.2. Жазбаша offline емтихан басталғанға дейін 15 минут бұрын кезекші оқытушы жеке куәлік бойынша білім алушылардың жеке басын тексеруді жүзеге асырады, білім алушыларды келу парактарында көрсетілген орындарға отырғызады.

2.4.3. Білім алушының орнына бөгде адам жазбаша offline емтиханына келген жағдайда кезекші оқытушы осы қағидаларды бұзу туралы тиісті акт жасайды.

2.4.4. Емтиханға кешігіп келуге жол берілмейді.

2.4.5. Емтихан кезінде кезекші оқытушы білім алушылардың бекітілген нұсқаулыққа сәйкес мінезқұлық ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады.

2.4.6. Емтиханға бөлінген уақыт аяқталғаннан кейін (2 астрономиялық сағат) кезекші оқытушы: 1) емтихан жұмыстарын жинайды; 2) әр жұмыста жауап парактарындағы жұмыстарды жазудың аяқталу белгісі - X әрпін қояды; 3) деканат маманына шифрлауға келу парактарымен бірге жауап парактарын ұсынады.

2.4.7. Шифрлау үшін жұмыстарды деканат маманына ұсыну кешіктірілген жағдайда кінәлі адамдарды жауапқа тарта отырып, тиісті акт жасалады.

2.4.8. Емтиханда білім алушыларға өзімен бірге қосалқы ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізу үшін пайдаланылуы мүмкін шпаргалкаларды, ұялы телефондарды, смарт-сағаттарды және басқа да техникалық және өзге де құралдарды алып жүруге және/немесе пайдалануға тыйым салынады. Басқа білім алушылармен және бөгде адамдармен сөйлесуге, жауаптарда ТАӘ және/немесе өзге де сәйкестендіру жазбаларын жазуға тыйым салынады.

2.4.9. Егер білім алушы емтиханға келіп, билет бойынша жауап беруден бас тартса, емтихан тапсыру "F" бағасымен бағаланады.

2.4.10. Дәлелді себеп болмаған жағдайда емтиханға келмеу "F" бағасы ретінде бағаланады.

2.4.11. Білім алушы осы тармақтардың біреуін немесе бірнешеуін бұзған жағдайда емтихан жұмысының күшін жою актісі (бұдан әрі – Акт) толтырылады, пән үшін "F" ("қанағаттанарлықсыз") бағасы қойылады.

2.4.12. Емтиханда осы Қағидаларды қайталап бұзғаны үшін білім алушы факультет кеңесінің Әдеп жөніндегі қарауына ұсынылады.

2.4.13. Пән бойынша қорытынды баға емтихан өткізілгеннен кейін 1 ай ішінде, білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын және/немесе емтихандағы мінез-құлық ережелерін қолдана отырып қорытынды бақылау жүргізуге арналған нұсқаулықтарды бұзғаны анықталған жағдайда: шпаргалкаларды, ұялы телефондарды пайдалану, келіссөздер жүргізу және т.б. актіні толтыра отырып, бақылау бейнекамераларынан алынған жазбалар негізінде жойылуы мүмкін. Актінің күші жойылуға шағымдануға және апелляцияға жатпайды.

2.4.14. Емтихандардағы барлық ереже бұзушылықтар білім алушының транскриптіне енгізіледі.

3. БАҒАЛАУ САЯСАТЫ

ҚОРЫТЫНДЫ БАҚЫЛАУДЫ КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ РУБРИКАТОРЫ

Пән: Қазақстандағы әдеби сын дамуының негізгі тенденциялары; **Формасы:** Стандартты жазбаша offline. **Платформасы:** Univer АЖ

№		ДЕСКРИПТОРЛАР				«Қанағаттанарлықсыз»	
Балл		«Өте жақсы»	«Жақсы»	50-69 %	25-49%	0-24 %	
1-сұрақ	Критерий	90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49%	0-24 %	
	1-критерий. Құрстың теориясы мен тұжырымдамасын білу; сипаттау мен түсіндірудің қисындылығы	"Өте жақсы" деген баға сұрақтың толық ашылуын, әр тұжырым мен ойдың егжей-тегжейлі дәлелін қамтитын, логикалық және дәйекті түрде құрылған, аудиториялық сабақтардан құрастырылған тақырыптарының мысалдарымен расталған жауап үшін қойылады.	"Жақсы" деген баға сұрақтың барынша толық, бірақ терең емес қамтылуын, негізгі ережелердің қысқартылған дәлелдерін қамтитын жауап үшін қойылады, композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді.	"Қанағаттанарлықсыз" деген баға билетте ұсынылған сұрақтардың толық емес жауаптары үшін қойылады, негізгі ережелерді үстірт дәлелдейді, баяндамада композициялық диспропорцияларға, материалды ұсынудың логикасы мен дәйектілігінің бұзылуына жол береді.	"Қанағаттанарлықсыз" деген баға қойылған мәселелерді дұрыс ашпаған, қате дәлелдер, фактілік және сөйлеу қателіктері, дұрыс емес қорытынды жасағаны үшін қойылады.	"Қанағаттанарлықсыз" баға, сонымен қатар негізгі ұғымдарды, теорияларды білмегені үшін; қорытынды бақылау ережелерін бұзғаны үшін қойылады.	
2-сұрақ	2-критерий. Құрстың мазмұнында көрсетілген теориялық ережелерді мысалдармен түсіндіру және растау.	Жауап мысалдармен суреттелген; сауатты ғылыми тілде баяндалған, барлық терминдер мен ұғымдар дұрыс қолданылған және дұрыс ашылған.	Жауап нақты мысалдармен толық расталмаған. Кейбір дәлсіздіктер бар.	Студент теориялық ережелерді аудиториялық сабақтардан алынған мысалдарымен дәйектемейді.	Оқу курсының негізгі түсініктері қате түсіндіріледі.	Студент құрстың негізгі теориялық ережелерін мысалдармен растамайды.	
	3-критерий. Таңдалған әдістеме мен технологияны жазбаша	Оқу тапсырмасын толық орындау, қойылған сұраққа толық, дәлелді жазбаша жауап беру, құрстың практикалық мәселелерін шешу.	Оқу тапсырмасын ішінара орындау, құрстың практикалық міндеттерін толық шешпей қойылған сұраққа толық емес,	Материал фрагменттелген, логикалық дәйектілікті бұза отырып, нақты және семантикалық дәлсіздіктерге жол	Тапсырманы шешудің ұтымсыз әдісі немесе жеткіліксіз ойластырылған жауап жоспары;	Тапсырмаларды шешу үшін білімді, алгоритмдерді қолдана алмау; қорытынды және	

практикалық тапсырмаларға қолдану		дәлелсіз жауап беру; курс бойынша ғылыми стиль нормаларын сауатсыз пайдалану.	беріледі, курстың теориялық білімі үстірт қолданылады.	тапсырмаларды шеше алмау, тапсырмаларды жалпы түрде орындау; нормадан асатын қателіктер мен кемшіліктер.	жалпылау жасай алмау. Қорытынды бақылауды жүргізу қағидаларын бұзу.
4-критерий. Практикалық тапсырмада берілген негізгі мәселені шешу және мәнін ашу	Ғылыми ұғымдар қойылған тапсырманы шешуде еркін қолданылады, негізгі проблеманы логикалық және дәлелді түрде түсіндіреді.	Студенттің білімі бейімделген; жауаптар жеткіліксіз құрылымдалған, жауапта жетекші сұрақтың арқасында өздігінен түзете алатын фактілік қателер бар.	Ұсынылған материалдың мағынасы жок, пәнаралық байланыстар туралы түсінік жок.	Емтиханның мазмұны бойынша қосымша сұрақтардың көпшілігіне студентке жауап беру қиынға соғады немесе дұрыс жауап бермейді.	Студент материалды толық игерген жок. Қорытынды бақылау жүргізу қағидаларын бұзу.
3-сұрақ 5-критерий. Таңдалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және жазбаша сыни талдау.	Ғылыми ережелер мен қолданылған әдістеме мен технологияның дәйекті, қисынды және дұрыс негіздемесі, сауаттылық, ғылыми стиль нормаларын сақтау, Материалды ұсынуға тұтастай дұрыс тұжырымдарға әсер етпейтін 1-2 дәлсіздікке жол беріледі.	Тұжырымдамалық материалды пайдалануда 3-4 дәлсіздікке, жалпылау мен тұжырымдардағы кішігірім қателіктерге жол беріледі, бұл тапсырманың жалпы деңгейіне әсер етпейді.	Негізделген ғылыми ережелердің қолданылуы туралы тұжырымдар нақты емес және нәтижесіз, стилистикалық және грамматикалық қателіктер, сондай-ақ практикалық шешімнің нәтижелерін өңдеуде дәлсіздіктер бар	Тапсырма өрескел қателіктермен орындалды, сұрақтарға жауаптар толық емес, тұжырымдамалық материалдар мен дәлелдер нашар пайдаланылды.	Тапсырма орындалмады, қойылған сұрақтарға жауаптар жок, материалдар мен талдау құралдары пайдаланылмады.
6-критерий. Алынған нәтижені өз тәжірибесімен негіздеуі.	Жауаптар мысалдармен және көрнекі материалдармен, соның ішінде білім алушының өз тәжірибесінен алынған мысалдармен көрнектеледі.	Емтихан билеті мәселесі бойынша өз тәжірибесінен алынған нәтижені негіздей отырып, қолданыстағы теориялардың, ғылыми мектептердің және бағыттардың 3-4 ережелерін кейбір дәлсіздіктермен талдау	Оқу бағдарламасына сәйкес материалдың негізгі көлемін жеткіліксіз қолдану, оны жазбаша өз бетінше сипаттау кезінде қиындықтар туындайды.	Проблемалық сипаттағы сұрақтарға жазбаша жауап беру кезінде қиындық туындайды.	Мысал келтіру кезінде курста оқылған әдістерді қолдану қабілетінің болмауы. Қорытынды бақылауды жүргізу қағидаларын бұзу.

Қорытынды бағалауды есептеу формуласы:

Қорытынды баға (ҚБ) = $(\%1 + \%2 + \%3 + \%4 + \%5 + \%6) / K$, мұндағы % - критерий бойынша тапсырманы орындау деңгейі, K - критерийлердің жалпы саны.

Қорытынды балды есептеу мысалы

Қорытынды балды есептеу мысалы						
№	Балл	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»	
		90-100 %	70-89 %	50-69 %	25-49 %	0-24 %
	Критерий					
1.	1-критерий	100				
2.	2-критерий		75			
3.	3-критерий			60		
4.	4-критерий				45	
5.	5-критерий	100				
6.	6-критерий				49	
	Қорытынды %	200	75	60	94	$200 + 75 + 60 + 94 = 429$ $429 / 6 \text{ критерий} = 71,5$ Қорытынды балл в % = 72

Есептеу кезінде алынған пайыздарға сүйене отырып, біз бағалауды бағалау шкаласымен салыстыра аламыз. **72 балл** 70 балдан 89 балға дейін, бұл бағалау шкаласына сәйкес «**Жақсы**» санатына сай келеді. Осылайша, осы есептеуде емтихан дәстүрлі бағалау шкаласы мен ECTS-ке ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес «**Жақсы**» **72 балға** бағаланатын болады.

Декан

Б.Ө. Жолдасбекова

Кафедра меңгерушісі орынбасары

Б.Б. Баязитов

Деріскер

Н.Қ. Мәтбек

